

УДК 639

**Батылбек Б., Байбатшанов М.К., Бейсенбаева М.Т.,
Жұманқұлов М.С., Есмұхамбетов Д.Н.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛАКӨЛ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының басқару жоспары сипатталған.

Кілт сөздер: Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы, реликті шағала, қорық, сүтқоректілер, құстар, таралу аймағы.

Кіріспе

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы негізінен қорықтың символына айналған көне дәуір шағаласын қорғау мақсатында қазақтың тұңғыш орнитологы, ғалым Ернар Әуезовтың ұсынысымен 1971 жылы «Реликті шағала» қорықшасы құрылды. Бұл өлкенің табиғатын қорғау мақсатын орындаудағы алғашқы қадам еді. Қорықтың құрылуы туралы ұсынысты КСРО АШМ Табиғат ғылыми зерттеу институты және Қазақ КСР Ғылым академиясы берген болатын. Алғашқы жоспар бойынша Алакөл қорығының аумағы 120 мың гектар мөлшерінде болған. Қорықтың құрылуы 1986 жылға жоспарланды, алайда, бірнеше себептермен кейінге қалдырылды. ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі №355 қаулысымен Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы отарлық және суда жүзетін құстардың ұя салу орындарын сақтау мақсатында орнитологиялық және сулы-батпақты бағытында құрылды. Осылайша Алакөл қорығы дүниеге келді. Сонау 1968 жылы Ернар ағамыз Алакөл көліндегі аралдарда көне дәуір шағаласын кездестіргеннен бері 30 жыл уақыт өткеннен кейін көптен күткен қуанышты күнге айналды. «Шағала мырза» атанған Ернар Мұхтарұлының да арманы орындалды. Қорықтың орталық кеңсесі Алакөл ауданының бас қаласы Үшаралда орын тепті [1].

Алакөл қорығының алғашқы директоры Серік Толғанбаевтың бастамасымен игілікті жұмыстар жасала бастады. 2000 жылы 15 қазан күні қорық ғимаратында салтанатты түрде табиғат мұражайы ашылды. Келесі жылы 15 қарашада аталмыш мұражайға Е.М.Әуезовтың есімі берілді. Қорық ғимаратының ауласында 2001 жылы дендрологиялық бақтың, 2002 жылы қысқы бақтың негізі қаланды [2].

Қазақстандағы жас қорықтардың бірі болса да, талай жұмыстар жүзеге асты. Ғаламдық экологиялық қор (ҒЭҚ)/ БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлемдік маңызға ие құнды сулы-батпақты алқаптарды қоныс аударатын құстардың мекендейтін орны ретінде кешенді сақтау: үш жобалық аумақта көрсету» жобасы 2004 жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстанның әлемдік маңызға ие үш сулы-батпақты алқаптарында, соның бірі – Алакөл-Сасықкөл көлдер жүйесінде жұмыс жасап келді. Жеті жылдық жоба ҒЭҚ-дың қаржылық және техникалық қолдауымен Қазақстандағы БҰҰДБ арқылы жүзеге асырылды. Аталған жобаның қолдауымен Алакөл мемлекеттік табиғи қорығының 2009-2013 жылдарға арналған Басқару жоспары әзірленді. Зоология, География, Ботаника және Фитоинтродукция институттарының мамандарының күшімен 2004-2005 жж қорықтың флорасы мен фаунасына зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1998-2004 жж, 2005-2008 жж және 2009-2013 жж қамтитын «Алакөл қорығының еңбектері» жинағының үш томы, сондай-ақ, көптеген өзге де еңбектер, мақалалар жарық көрді. 2009 жылдың 25 қараша жұлдызында Алакөл-Сасықкөл көлдер жүйесі дүние жүзі бойынша сулы-батпақты алқаптарды халықаралық деңгейде қорғау мақсатында Рамсар

конвенциясының тізіміне 1892 санымен енгізілді. ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 5 қазандағы №1025 қаулысына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданына қарасты 45505 гектар жер қорық аумағына қосылды. 2010-2011 жылдары қорықтың ғимараты жөндеуден, оның ішінде, табиғат мұражайы күрделі жөндеуден өтті. 2013 жылғы 27-30 мамыр күндері Париж қаласында орналасқан ЮНЕСКО ұйымының штаб-пәтерінде өткен Халықаралық үйлестіру кеңесінің «Адам және биосфера» (Man and Biosphere, MAB) бағдарламасының кезекті 25 сессиясында «Алакөл биосфералық резерваты» атты қазақстандық номинациясы Биосфералық қорықтардың бүкіләлемдік жүйесіне (Network of Biosphere Reserves) бірауыздан енгізілді. Осы нәтижелі іс Алакөл қорығының көпжылдық еңбегі ғана емес, Алакөл және Үржар аудандарының жас табиғат жанашырлары мен тұрғындар үлесінің айғағы. “Алакөл биосфералық резерватының” аумағы отарлық және суда жүзетін құстардың мекендейтін орны ретінде халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқап болып табылатын Алакөл-Сасықкөл көлдер жүйесін қамтиды және Алакөл ауданы мен Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданының аумақтарында, құстардың Орталық Азия - Үнді ұшып өту жолында орналасқан. Алакөлдің табиғатын бізге және келешек ұрпақтар үшін қаз қалпында сақтап қалуға еңбек сіңірген тұлғалардың есімдерін естен шығармасaq екен. Атап кеткенде, С.Ә. Толғамбаев, Н.Н. Березовиков, Е.И. Анисимов, В.Д. Урмашов, К. Баянбаев, Ю.П. Левинский, С.Г. Амаев және тағы да басқа бірқатар азаматтар қорықтың негізін қалады. 2002 жылы С.Ә.Толғамбаев зейнеткерлікке шығып, орнына Е. Барлықбаев директор болды. 2009 жылдан бастап М.С. Жұманқұлов басшылық етіп келеді.

Қорықтың аумағы қазіргі таңда 65 671,9 га құрайды. Онда құстардың 269 түрі мекендейді, оның ішінде 16 түрі ҚР Қызыл кітабына енгізілген. Сондай-ақ, сүтқоректілердің 33, балықтардың 17, бауырымен жорғалаушылардың 10, қосмекенділердің 2 түрі мекен етеді, өсімдіктердің 271 түрі кездеседі [3].

Қорық аумағы географиялық тұрғыдан 5 аумаққа бөлінген:

1. Тентек өзенінің атырауы,
2. Сасықкөл көлінің солтүстік жағалауы және Мыңкөлдер жүйесі,
3. Емел және Шағантоғай өзендерінің атырауы,
4. Аралтөбе аралдары,
5. Кіші Алакөл және Жаланащкөл көлінің шығыс жағалауы.

Осы аумақта ірі 5 көл бар. Ең үлкені Алакөл көлі. Орта маңында үш арал бар: Үлкен Аралтөбе, Орта Аралтөбе және Кішкене Аралтөбе деп аталады. Алакөл ауданының орталығы Үшарал қаласының атауы осымен тығыз байланысты. Алакөлден басқа Сасықкөл, Қошқаркөл, Жалаңашкөл және Ұялы көлдері бар. Үшаралға жақын орналасқан едәуір үлкен Бескөл бекетінің атауы осы көлдердің құрметіне қойылса керек. Жетісу (Жоңғар) Алатауы біздің ауданға көрік беріп тұратыны тағы бар. Өлкенің басты өзені Тентек сол таудан бастау алады.

Алакөл-Сасықкөл көлдер жүйесі Орталық-Азиялық-Үнділік құстардың көшіп-қону жолында жатыр және суда мекендейтін құстардың ортасы болғандықтан, көлдер әлемдік маңызы бар сулы-батпақты алқаптар болып табылады. Қазіргі таңда бұл аймақтар Рамсар алқаптарының тізіміне ұсынылған. Сонымен қатар қорғалу аумақтарын ұлғайту мақсатында ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелер дайындалған.

Әдебиеттер

1. Кертешев Т., Махашова Д., Смагулова Г., Искакбаев А., Кошкин А., Джамалова В., Соколов С., Садык Б., Бесембаева Ж., Алитинова Н. Рамочный план по устойчивому использованию продуктивных ландшафтов вблизи особо охраняемых природных

территорий (на примере Тениз-Коргалжинской, Алаколь-Сасыккольской системы озер и дельты реки Урал с прилегающим побережьем Каспийского моря). – Астана, 2011.-180 с.

2. Алаколь - Сасыккольская система озер 3-том. Под редакцией: д.т.н. Бурлибаева М.Ж., д.б.н. Курочкиной Л.Я., д.б.н. Кашеева В.А., к.б.н. Ерохова С.Н. (отв. редактор), к.б.н. Иващенко А.А. // Астана, 2007.-171

3. *Кеулимжанов Н., Байбатшанов М.К., Нұрбек Б.* Алакөл көлдер жүйесіне жерсіндірілген балық түрлері және олардың даму ерекшеліктері// Ізденістер, Нәтижелер КазҰАУ №02 (066) 2015. 185-190 б.

Батылбек Б., Байбатшанов М., Бейсенбаева М., Жұманқұлов М., Есмұхамбетов Д.

ПЛАН УПРАВЛЕНИЯ АЛАКОЛЬСКИМ ГОСУДАРСТВЕННЫМ ПРИРОДНЫМ ЗАПОВЕДНИКОМ

Аннотация

В данной статье описаны план управления Алакольским государственным природным заповедником.

Ключевые слова: Алакольским государственным природным заповедник, реликтовая чайка, заповедник, млекопитающие, птицы, ареал распространения.

Batylbek B., Baibatshanov M., Beissenbayeva M., Zhymankylov M., Ysmukhanbetov D.

MANAGEMENT PLAN ALAKOL STATE NATURE RESERVE

Annotation

This article describes the management plan Alakol State Nature Reserve.

Keywords: Alakol State Nature Reserve, relict gull, nature reserve, mammals, birds, area of distribution.

УДК 633.1

Бейсенбаева Э.Т., Оразбаев С.А., Кудайбергенов М.С.

*Казахский национальный аграрный университет,
ТОО «Казахский научно-исследовательский институт земледелия и растениеводства»*

ИЗУЧЕНИЕ КОЛЛЕКЦИОННЫХ ОБРАЗЦОВ ЧЕЧЕВИЦЫ ДЛЯ СОЗДАНИЯ НОВЫХ СОРТОВ В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

Изучение коллекции чечевицы с целью отбора образцов для селекции высокопродуктивных сортов в условиях Алматинской области. Чечевица (*Lens esculenta*, Moench) является высокобелковым продовольственной и кормовой культурой. В целях создания материалов для будущего возделывании отечественных сортов, были изучены хозяйственно ценные признаки образцов чечевицы в условиях Алматинской области. Результаты были изучены по нескольким анализам и наблюдениям по указанной методике.

Ключевые слова: чечевица, коллекция, сортообразец, масса 1000 семян.